ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

ПРОЗА: ОЙЛАР, ТОЛҒАНЫСТАР

„АБАЙ ЖОЛЫ“

Мұхтар Әуезовтің қолжазба архивымен танысқанымызда, жазушының қолында баспа бетін көрмеген жазба деректер аз болғанымен, Абайды көрген, айналасында өмір сүрген көптеген адамдардың ұлы ақын туралы, оның ортасы туралы, сол заманғы ірілі-ұсақты оқиғалар жайында айтып қалдырған естелік материалдарының мол болғанын байқадық. Бұл естеліктерде кейбір жайттар бүтіннің сынығындай болып үзік-үзік түрде, тіпті кейде деректері әр түрлі, бір-біріне қарама-қарсы өзара қайшылықты күйінде кездессе де, сол дәуірдің негізгі оқиғалары жөнінде, сол ортаның белгілі адамдары туралы құнды мағлұмат береді.

Эпопеяда баяндалатын оқиғалардың көбін жас кезінен-ақ естіп, әбден қанық болғанын, кейін роман кейіпкеріне айналған адамдардың бірсыпырасын өз көзімен көргенін Мұхтар Әуезов өзі де жазған болатын. Мұндай жайлардың, әрине, жазушыға көп ой салғаны, творчестволық ойына түрткі болғаны күмәнсіз. Ал енді Абайдың өміріне байланысты үлкен шығарма жасауға шындап кіріскен кезінде, автордың аз-көпті жазба материалдарға қоса, ауызша деректерді мол жинауға жоспарлы, мақсатты түрде кіріскенін атап айту қажет.

Мұхтар Әуезов Абайды көрген, білген адамдармен әңгімелесе жүріп, олардың айтқандарын қағазға түсіреді. Кейде тіпті екінші, үшінші адамдар арқылы естігендерін де қалдырмай, ерінбей-жалықпай терумен болады. Ұзақ жылдар бойы ондаған адамдардан жиналған материалдар жазушының болашақ геройларының өміріне қатысты көптеген шындық жайларды, Абай өмір сүрген ортаны жанжақты да терең тани білуіне мүмкіндік береді.

Естеліктердегі фактілер мен оқиғалардан жазушы сол дәуірдегі нақты әлеуметтік қайшылықтардың іздерін тауып, оларды маңызы мен сипатына қарай түрліше пайдаланады. Талғампаз суреткер қолындағы бай мағлұматты мұқият зерттей отырып, ой елегінен өткізеді, өзінің идеялық мақсатына сәйкес қайта қорытады, әрбір кейіпкерге, оқиғаға лайықты көркем қызмет, міндет жүктейді.

Эпопеяда Абайдың өзін былай қойғанда, Әбіш, Мағаш, Оспан, Базарбай, Торжан, Әйгерім, Ұлжан, Ізтай, Ізбай, Тәкежан, Оразбай, Бөжей, Жиренше, Майбасар секілді сол дәуірде, сол ортада өмір сүрген прототипі бар кейіпкерлер мейлінше мол. Солармен қатар Дәрмен, Дәркембай, Иса, Иіс, Сейіт, Салтанат секілді түгелдей дерлік ойдан шығарылған кейіпкерлер де аз емес. Және оларды осылайша екі топқа тек шартты түрде бөлуге болады. Өйткені, олардың арасынан жарылып айрылғандай пышақ кесті жік табу қиын.

Өмірде болған, прототипі бар деген топқа қосылатын кейіпкерлерді жазушы шығарманың композициялық бірлік-тұтастығын күшейте түсу үшін, немесе, олардың мінез-кейпін айқындай аша түсу мақсатымен өзі ойдан шығарған уақиларларға, талас-тартыстарға да араластырып отырады. Және олар эпопеядағы түгелдей ойдан шығарылған кейіпкермен де кездесіп, сөйлесіп, не таласып, не жарасып дегендей әртүрлі қарым-қатынаста көрінеді.

Айталық, жазушының көркем қиялының көрігінен шыққан кедей Дәркембайдың Абаймен етене жақын болуы кеменгер ақынның халық мұңын бар жанымен сезінетінін аша түсу үшін керек. Ал сол Дәркембайдың Құнанбаймен қақтығыстары елді билеп-төстеп үйренген аға сұлтанның қарапайым халық өкілінің мүддесін қорғап асты ететін озбырлығын нақтылы түрде көрсетуге себін тигізіп тұр. Міне, бұдан да кейіпкерлердің алғашқы прототиптен алшақтап, жинақталған көркем бейнеге айналуының жолдары сан алуан екенін тағы көреміз. Рас, кейде қайсыбір кейіпкерлердің өмірдегі болған адамға (прототипіне) көбірек ұқсайтындай әсер туғызатыны болады. Бірақ шындап келгенде мұның өзі сыртқы ұқсастық қана, өмір жолындағы жеке жағдайларға байланысты некен-саяқ ортақ белгілер ғана. Өмір мен көркем әдебиеттегі бұл адамдар іштей бір-бірінен мүлдем алшақ болуы заңды да. Өйткені ешбір адам дайын күйінде өзінен-өзі әдеби бейне болып шыға келмейді. Оның ішкі дүниесі барша болмысымен ашылғанда ғана, ол шын көркем образ дәрежесіне көтеріледі. Ал бұл нағыз суреткердің ғана қолынан келер іс.

Мемуарлық материалдардан, тарихи, әдеби деректерден жазушы шығармада баяндалатын оқиғалардың тек солғын көрінісін, жалпы сұлбасын ғана табуы мүмкін еді. Сондықтан романдағы көркем шындықты өмірде болған оқиғалардың қаз-қалпындағы көрінісі деп қарауға болмайды. Оның өзі көбінесе автордың көркемдік парасатынан өсіп, өніп, жетілген, сөйтіп, өзара байланыс жүйесін тапқан. Тек оқиғалар мен талас-тартыс төңірегінде ғана емес, белгілі кейіпкерлер мен оларға берілген көркем мінездемелер жөнінде де осыны айтуға болады.

Эпопеяның, түптеп келгенде, негізгі кейіпкері — халық. Халық өмірінің алуан түрлі көріністері, құбылыстары шығармада ірілене, жинақтала, типтендіріле бейнеленеді. Романдағы бүкіл ірілі-ұсақты оқиғамен тартыс коллизиялары Абай арқылы, не оның тікелей қатысымен, не әйтеуір қалайда араласуымен, не оның көңіл-күйіне, ой дүниесіне, жалпы көзқарасына, дүние танымына байланысы арқылы суреттеліп, бір-біріне ұласып, тұтасып жатады.

Жазушы, әрине, Абай өмірінің не сол тұстағы қоғамдық өмірдің барша үлкенді-кішілі пішінін түгел қамтуы мүмкін емес. Сондықтан романдағы көркем шындықты өмірде болған оқиғалардың қаз-қалпындағы көрінісі деп қарауға болмайды. Оның өзі көбінесе автордың көркемдік парасатынан өсіп, өніп, жетілген, сөйтіп, өзара байланыс жүйесін тапқан. Тек оқиғалар мен талас-тартыс төңірегінде ғана емес, белгілі кейіпкерлер мен оларға берілген көркем мінездемелер жөнінде де осыны айтуға болады.

Эпопеяның, түптеп келгенде, негізгі кейіпкері — халық. Халық өмірінің алуан түрлі көріністері, құбылыстары шығармада ірілене, жинақтала, типтендіріле бейнеленеді. Романдағы бүкіл ірілі-ұсақты оқиғамен тартыс коллизиялары Абай арқылы, не оның тікелей қатысымен, не әйтеуір қалайда араласуымен, не оның көңіл-күйіне, ой дүниесіне, жалпы көзқарасына, дүние танымына байланысы арқылы суреттеліп, бір-біріне ұласып, тұтасып жатады.

Жазушы, әрине, Абай өмірінің не сол тұстағы қоғамдық өмірдің барша үлкенді-кішілі пішінін түгел қамтуы мүмкін еді

Заки Ахметов

ҚАЛАЙ ТУҒАН?

Заки Ахметов

«В самый разгар этой общей суеты на аул Такежана обрушилась новая напасть. На этот раз удар последовал не от людей, а начался с неба, с непогоды.

Когда короткий осенний день клонился к вечеру, на дальние и бескрайние волнистые гребни Чингисских гор насели плотные черные тучи. И очень скоро эти тучи, расширяясь и поднимаясь все выше клубами, обволокли весь южный край неба.

А часть этих облаков, надвигавшихся на Мусакул и Шуйгинсу, казалась угрожающе страшной, двигалась поспешно, с упрямой яростью. То громадная, как целая горная вершина, черная туча стремительно наступает на внезапно возникающую белую гору облаков, то они сливаются в неведомой, взаимнопоглащающей борьбе и рвутся неудержимо вперед. На небе, так быстро потемневшем сейчас, будто гора двинулась в шествие и нагоняла все разрушительные силы и беды взбунтовавшейся стихии. И подобно холодному дыханию, подобно скорой разведчице надвигающихся адских сил задул порывистый, студеный ветер.

Начинался ураганный ветер непрерывный и с каждым мигом все крепче холодающий*. (ЛММА архиві, 18-папка, 72-бет).

Автордың өзі сәтті аударған көптеген сөйлемдер мен фразалар текстің көркем аудармасына дәл сол күйінде немесе шамалы өзгерістермен ғана енген. Осы орайда Л. Соболевтің М. Әуезов туралы айтқан бір сөзі ойға оралады: **«Оның орысшасы өте-мөте сұлу да сырлы болатын. Өзі туып-өскен дала туралы әңгімелей отырып, ол орыс сөздерінің жарқын да әсерлі үйлесімін табушы еді, сондай шақта ол өзінің ана тілін қандай жүйрік біледі екен деп ойлаушы едім».**

Мұхтар Әуезов о баста Абай туралы романын үш кітап етіп жазып, «Телғара» деп атамақшы болады. Жас кезінде өз анасы мен кіші шешесі екеуінің тәрбиесін көріп, тел өскен деп, Абайды осылай атаған екен. Жазушы «Телғара» деген сөзге Абай екі халықтың — қазақ халқы мен орыс халқының мәдениетінен сусындап, нәр алып өскен деген кең мағына **бермекші болады. Алайда 1942-жылы** шарық көрген бірінші кітапты, 1947-жылы шыққан екінші кітапты да «Абай» деп атаған. Ал үшінші кітап 1950 жылы «Ақын-аға» деген атпен жарық көреді де, жазушы оны жұртшылық пікірін ескеріп, жаңадан түзеп, редакциялап, 1952-жылы қайтадан шығарғанда, «Абай жолы» аталады, кейін төртінші кітапқа да осы ат беріліп, эпопея түгелдей «Абай жолы» аталып кетеді.

Бір көңіл аударарлық нәрсе — Абай туралы әр қайсысы қос кітаптан тұратын егіз-екі роман болып, екеуі екі түрлі аталған соң, төртінші кітапқа да, екінші кітаптың аяғына да эпилог берілген. Екінші кітаптағы эпилогтың соңын 1942-жылғы басылым бойынша еске түсірелік:

«Шексіз жайқын боп, Ералы, Ойқұдық, Қорық далалары созылады. Кең әлемнің бұдырсыз жазық жүзі жадырап тыныс алғандай. Батар күннің қиыс түскен шұғыласы даланы қызғылт жарқын нұрға бөлепті. Тегіс шексіз — рахат нұр. Шабытты ақын көңілі қазір көз алдында дала емес — теңіз, кең тыныш теңіз жүзін көргендей. Сол теңізге, өмір тарих мол мұхитына бір кеме жалғыз жалауын көтеріп, жол тартты. Алға басты, белгісіз болса да ғажайып шұғылалы бір жағаға, ұзақ сапарға басты ол кеме. Жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «келешек» деген жағаға қарай тартты. Бұл «Абай кемесі» кең жайқын әлемде сенімді, түзу жол сызып, маңып барады. Алға барады, ұзап барады. Биіктен қиян, алыс көкжиекке қадалып қараған Абай көзі, ой көзі, сол кемені оң сапарға ұзатып, талмастан телміре қарап қалыпты. Бар жазықтан үстін биік төбеде, шабыты мен өзі боп отырып қалған Абай қуанышты бір мақтаныш сезді. Оның сол мақтанышқа хақы да бар еді».

Жазушы осылай әдемі аяқталған эпилогты ешбір өзгертпей, екінші кітаптың келесі басылымында оны аз ғана қосымшамен жалғастырған:

«Осы күйі, бір ғана сәт жалт еткен сәл қуаныш жүзі екен. Енді сонымен ілес тағы бір толқын ойлар кеп, көңіл жарына қатты соқты. Көшкен бұлттай, қарауытып ауып келген ауыр ойлар шындық кескінін танытады. Жаңағы жалтыраған күншуақты қуаныш сәулесін енді күдік пен дерттей, соңғы ойлар бұлттары бүркеп басып барады.

Алда — өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз. Шынға келсе, жапа-жалғыз. Рас, оның бір қуаты, бір үміті бар екені рас. Қуаты — ақындық, үміті — халық. Бірақ бірі оянбаған күш болса, бірі танылмай, ұғылмай кетер ме! Жетер ме сабыр, жетер ме қайрат. Жалғыздықтан жасымас қайрат жетер ме!

Өмірдің беліне шығыпты. Сол арттағы жолда жоғалтқаны көп пе, тапқаны көп пе? Рас, жоғалтқанының көбіне өкінбейді. Жақыннан әке, Құнанбай кетті жат болып. Туыстан Тәкежан, Тәкенжандар кетті жауығып, Оразбайлар, Жиреншелер де бірі артынан бірі шұбалып кетіп жатыр. Үзілсін бұдан. Кетер кете берсін. Әлі де кетер табылар. «Бірақ халық қалса, халыққа жолымды, жанымды қосар қолымдағы жарық қалса, жеткені!» деп, өзіне-өзі осы отырыста құпия бір ант-серт айтқандай бекінеді.

Жаңағы мұхит қайда?!

Абай кең далаға тағы қарап еді. Мұхит емес күндегі құлазыған дала боп көрінеді. Ол әлсіз, жүдеу Ералы жазығы. Сол жазықта енді шаң шығады. Будақбудақ бүлік шаң. Бұ не? Абайдың қасына дүсірлетіп шауып отырып, асығыс жүрісті бір салт атты жетті. Сырт жағынан келген аттыны Абай енді ғана аңғарды. Жүргіншінің астындағы аты қан сорпа. Жатақтан, Ералы жатағынан, Дәркембайлар тапсыруымен асығып жеткен шапқыншы екен. Жас жігіт Абай оқытып жүрген шәкірт — Садуақас боп шықты.

— Анау шаңды көрші, Абай аға! Сол жау! Жатақтың азғантай жылқысына тиген жау. Айдап, қуып әкетіп барады, әні. Тағы тиіп әкетіп барады сойқандар! — деп, жігіт жылап жібергендей болды. Теңіз де, қиял да жоқ. Аз алданыш, қуаныш та сөне берді. Тағы өмір шындығы, тағы тірлік тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты».

Бұл енді алғашқы екі кітапты тұйықтап бітірмей, төрт кітаптың арасын жымдастыра түсіп, оқушыны келесі кітаптарға сілтегендей әсер береді.

Бірақ Садуақас келіп айтқан осы бір **уақиға кейін тікелей одан әрі жалғастырылмайды. Жазушы осы бір** нақтылы уақиғаны сабақтастырып, әрі созып әкетуді көздемейді, соған ұқсас жағдайларды баяндайды, күрес, тартыстың толастамай, одан әрі өрістеп, жаңа белестерге өрлей беретінін ғана аңғартады.

Төрт томдық эпопеяның көбірек редакцияланып, бірталай өзгеріс енгізілгені үшінші кітабы, ал өзге кітаптары бастапқы жарық көрген қалпында сақталып, азырақ өңделген.

Алғашқы «Ақын-ағадан» осы үшінші кітаптың өзгешелігі неде? Бұл — басы Абай бейнесінен бастап ұнамды, ұнамсыз бейнелерді ажарландыру, айқындау, олардың әлеуметтік, таптық қырлары мен сырларын нақтылай түсу мақсатынан туған. Соның нәтижесінде ең алдымен Абай бейнесі сомдала, ірілене түскен, оның орыс қоғамындағы озық ой-пікірмен нәрленуі, қазақ шаруасының тілек-мүддесін терең түсінуі күрделі түрде ашылады. Әбіш бейнесі осы ретте Абай арманының үлкен жалғасындай айқын көрінеді. Кедейлер арасынан шыққан Базаралы, Дәркембай, Иса бейнелері жөнінде де осыны айтуға болады. Керісінше, Тәкежан, Әзімбай, Қаражан, Көкпай, Шұбар, т. б. бейнелері де ұнамсыз мүдделерімен лайықты көрінеді. «Ақын-аға» романындағы Долгов (прототипі — Долгополов) алынып тасталып, оның орнына Павлов тәрізді етек-жеңі кең әдеби кейіпкер енгізіледі. Павлов бейнесі авторға көп еркіндік береді. Бұрын автор Долгов төңірегінде белгілі шеңберден ұзай алмаса, енді саяси тұтқын Павловтың аузымен дала өміріне, Абай төңірегіне келген көп ой-пікірлерді еркін көрсетуге мүмкіндік табады. Ойымызды нақтылай түсу үшін екі мысал ғана келтірелік.

Үшінші кітапқа кіргізілген алғашқы бір қосымша жаңа текст романның әлеуметтік мазмұнын ашуға үлкен үлес қосып тұр. Мұнда Әзберген, Шүйгінсудағы жеті ауыл жігітектің кедейлері Әзімбайдың зорлығына шыдай алмай Әбді деген кедейді жалғыз тайына мінгізіп, Абайға жөнелтеді, Абайдан көмек сұрайды, жауыздықтан арашалауын өтінеді: **«— Бар пішеніміздің қақ жарымын тартып алып, орғызғалы жатыр. Осыны алдыңғы жыл, былтыр — екі жыл қатар алып кеп, енді биыл үшінші жыл тағы орақшысын әкеп салып отыр... Бүгін осы қорлық еттен өтіп, сүйекке жеткен соң, бар жеті ауыл боп бірлесіп кеп, бағана наразылық айтып ек. Айдап шықты Әзімбай».** (18-бет, эпопеяның үшінші кітабының беттері Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 5-томы бойынша көрсетілді).

Абай: — **«Ей жұрт, мынау көрінеу қиянат қой... Бас салып, бақыртып тонап жатқан деген осы емес пе, жарлы менен жазықсызды»** (19-бет) деп күйіне үн катса, Шұбар Әбді сөзін ағайынның ашуаразына сайып, басып тастағысы келеді. Бұған Абай көнбейді, өзінің тыныштығын **ойлаудан бас тартады. Шұбардың өтірік** қамқорсуының сырын эшкере етеді де, Әзімбайға Мағаш пен Дәрменді аттандырып, кедей шөбін зорлықпен алуды тоқтатсын деп бұйрық береді. Әзімбай Абай сәлеміне тоқтамай шөпті шаба беруге әмір еткенде, Әзімбайдың жалшысы Иса шөпті шабудан бас тартады. Оған риза болған Дәрмен: **«Азамат екенсің ғой, Иса! Қадір-қасиетіңді жаңа таныдым ғой. Малшы болса да, итаршы болмаған кедей жақсы! Адамшылық еттің ғой»** (24-бет),— дейді.

Романға бұл арада Әзімбай зорлығын енгізудің өзіндік логикалық заңдылығы бар. Осының алдында ғана Абай қасындағы көп серіктерімен «Еңлік-Кәбек» моласының басына барып, бір кездегі қатыгез, қатал заңды, әділдікті параға жендірген билердің қаныпезерлігін еске түсірсе, Әзімбай зорлығы сол әділетсіздіктің бүгінгі жалғасы, жаңа көрінісі ретінде алынып, шығарманың әлеуметтік мазмұнын мүлде айқындай түседі. Абай өзінің енді болашақ күрес жолын әбден айқындайды, кімге дос ,кімге қас боларын әбден түсініп, халықпен тереннен табысады. Демек, романдағы әрбір жаңа қосымша, өзгеріс осылайша өзін-өзі қай жағынан да ақтап, зор қызмет атқаратыны байқалады. Соның нәтижесінде Абай бейнесі де, өзгелер де өркештене, биіктей көрінеді.

Тағы бір шындық дегенің әр заманда әр түрлі ұғынылып келе жатқанын Абай арқылы жазушы терең ашады. Абай сахара өміріне көз жібере отырып: **«Зорлықшы Әзімбай, Тәкежандар өз айналасындағы әлсіз, амалсыз, қорғансыз көпке өздері ететін зорлығын — зорлық деп атайды дейсіз бе? Жо-жоқ! Осы «менің жолым, сыбағам, Ырғызбайлығым» деп біледі... зорлық пен жауыздық қасқырлық болсын маған десе... бірақ оның берік ұстаған шындығы, сұмдығы сол. Ал, жапа көрген кедей ауылдарға соны «шындық» деп кім айтар! Бұлардың шындығы бас қорғау»** (37—38-беттер), — дейді. Осы ойды тарата келіп, Абайдың орыс қоғамындағы екі шындықты, екі Россияны тануы, көруі, көрсетуі — романдағы аса ұтымды көркемдік шешім боп табылады. **«Оразбайларша** — дейді Абай, —**Россия деген ақ патша дегенмен барабар. Оған бағынышты, одан қорқады. Және оған жағына жүріп өзіме не балама болыстық алсам, байысам, ал жау атаулымды оған жазалатсам» дейді... Ал, халық атынан айтсақ, бүгінгі қазақ нәсілі үшін ендігі Россия кім десек, нені айтар едік? Ол өздеріңізге мәлім кітаптарын, ой алыптарын былай қойғанда, ең алдымен ұшы-қиыры жоқ өнер. Ол сансыз көп шаһарлар, солар толған медреселер, ауруханалар, кітапханалар мен салтанатты сарайлар... Бұл Россия ақ патшаны танысаң ғана танимын демейді. Бара білсең, ала білсең сені жатырқамаймын, «келе бер де, үйрене бер» деп отырған Россия ғой. Халқымыздың адал ұлы болсақ, біз осы Россияны кімің деп түсіндіреміз? Әрине, досың дейміз. Шындық, халықтың тілегін тапқан шындық болсын. Ендеше дәл сол себепті, досың орыс өнері деп түсіндіруіміз лайық. Әрине, бұл да Оразбайлар үшін шындық емес»** (38-бет).

Осы бір қосымша арқылы жазушы Абай бейнесін, оның орыс мәдениетін табуы мен тануын және оны өз творчествосы арқылы халыққа жеткізу шындығын нанымды түрде бейнелейді. Абай орыс**тың халқы мен өнерін қазақ халқының** айнымас досы, болашағының кепілі, бірден бір тура жолы деп таныса, сол шындыққа Абайдың қандай қиын өткелдерді өтіп келгенін жазушы Абайдың «соқтықпалы, соқпақсыз» өмір жолын суреттей отырып ашады. Сөйтіп, романда бұл шындық өмірдің өзінен туған айнымас, ақиқат шындықтай нанымды. Дәйекті орнын, шешімін табады әрі күрес, тартыс үстінде туады.

Эпопеяның үшінші кітабын қайта қарап, ширатып, шыңдай түскенде, жазушы оның алғашқы екі кітаптың биік көркемдік деңгейінде тұруын көздейді. Төртінші кітапты да осы талапқа сай шығарады. Сонымен, сарқылмас шабыт, дамылсыз творчестволық ізденіс жазушыны зор табысқа кенелтіп, төрт аяғын тең басқан біртұтас кесек, сом әдеби туынды дүниеге келеді.